

«SOCIAL SCIENCES & DIGITAL HUMANITIES»
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНА МАҚАЛАЛАРДЫ ЖАРИЯЛАУҒА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША
АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР

1 ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАР

Журнал әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған, отандық және шетелдік авторлардың қолжазбаларын келесі тақырыптық бағыттар бойынша жариялауға қабылдайды:

- Экономика және бизнес;
- Демография және социология;
- Тарих және археология.

2 ҚОЛЖАЗБАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҒЫЛЫМИ ТАЛАПТАР

2.1 Жариялау тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

2.2 Материалдардың түпнұсқалығы:

- Қолжазбалар бұған дейін басқа басылымдарда жарияланбауы тиіс;
- Қолжазбалар басқа журналдардың қарауында болмауы тиіс;
- Мәтіннің түпнұсқалығы кемінде 65%, мәтіндік сәйкестік деңгейі 25%-дан, ал AI-контент 20%-дан аспауы тиіс (қолжазбалар «oysun.asia» жүйесі арқылы тексеріледі).

2.3 Мазмұнға қойылатын талаптар:

Зерттеудің жаңалығы мен өзектілігін көрсету: Жариялауға ұсынылған қолжазба бұрын ешбір баспа бетінде жарық көрмеген, түпнұсқалық зерттеу болуы қажет.

Логикалық құрылым: Мәтін құрылымы зерттеудің мақсаты, міндеттері, теориялық негіздері мен әдіснамасын нақты жеткізуі тиіс. Қолжазба IMRAD (Кіріспе, Әдістер, Нәтижелер, Талқылау) құрылымына сай болуы қажет.

Толықтық: Қорытындылар ғылыми негізделген, дәлелді әрі аяқталған сипатта болуы тиіс. Жалпыға белгілі немесе алдын ала жасалған тұжырымдардан аулақ болу қажет.

Жазу стилі: Қолжазба мәтіні ғылыми-академиялық стильде жазылуы тиіс. Терминдерді дәл қолдану, негізгі ұғымдарды түсіндіруде екіұштылықтан аулақ болу ұсынылады. Объективтілік пен ресми сипатқа қол жеткізу үшін етістіктің ырықсыз түрін пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар, инклюзивті тіл нормаларын сақтау қажет.

2.4 Қолжазбаны тапсыру форматы:

- қолжазбаларды тапсыру және сараптамадан өткізу онлайн жүйе арқылы жүзеге асырылады;
- қолжазбалар тек электрондық форматта қабылданады (.doc, .docx). Файлдың көлемі 2 МБ-тан аспауы тиіс;
- файл атауы бірінші автордың тегі мен аты-жөнінің инициалдарын қамтуы тиіс, мысалы: «СабиеваМК.doc».

3 ТИТУЛ БЕТІН РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

3.1 Титул бетін техникалық рәсімдеу параметрлері

Титул беті үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) жеке парақтарда рәсімделеді. Алдымен қолжазба қай тілде ұсынылса, сол тілдегі титул беті орналастырылады, одан кейін қалған екі тілде – сол ретпен әрқайсысы жеке парақта рәсімделеді. Титул бетінің барлық элементтері келесі талаптарға сай безендірілуі тиіс:

- қаріп — Calibri (негізгі мәтін), абзац шегініссіз;
- титул бетінің негізгі мәтіні (авторлардың есімдері мен қолжазба атауынан басқа) – 10 кегль;

- авторлардың есімдері – 12 кегль, қалың қаріппен, сол жақ шеті бойынша тураланған;
- қолжазба атауы – 16 кегль, қалың қаріппен, сол жақ шеті бойынша тураланған.

Авторларға титул бетін рәсімдеу үшін арнайы әзірленген үлгіні (шаблонды) қолдану қатаң түрде ұсынылады!

Үлгіде біркелкі рәсімдеуді қамтамасыз ететін арнайы жасалған дизайн, түспен толтыру және бекітілген пішімдер қамтылған. Ресми үлгіні пайдаланбай, өз бетінше жасалған нұсқалар қабылданбайды.

3.2 Титул бетінің құрылымдық мазмұны

3.2.1 Тақырыптық бағыт

Жоғарғы сол жақ бұрышқа қолжазба ұсынылатын тақырыптық бағытты **БАРЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН** жазу қажет.

3.2.2 Классификаторлар мен идентификаторлар

Бір жолдан кейін ғылыми-техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторының (FТАХР) коды жазылады: <https://grnti.ru/>.

Келесі жолға – экономика және бизнес саласындағы қолжазбалар үшін кемінде үш JEL кодын енгізу қажет: <https://cran.r-project.org/web/classifications/JEL.html>

3.2.3 Авторлар және олардың аффилиациясы



Бір жолдан кейін авторлардың аты-жөнінің инициалдары мен фамилиялары көрсетіледі (мысалы, М.К. Сабиева). Ағылшын тіліне транслитерациясы шетелдік төлқұжаттағы немесе бұрын жарияланған ғылыми қолжазбалардағы жазумен сәйкес болуы тиіс. Мұндай деректер болмаған жағдайда BSI стандарты бойынша транслитерация ұсынылады.

Авторлыққа тек зерттеуге, оның тұжырымдамасына, әзірлемесіне немесе нәтижелерді түсіндіруге елеулі үлес қосқан тұлғалар ғана енгізіледі. Егер зерттеуге қатысқан тұлғалар авторлық талаптарға сай болмаса, бірақ маңызды қолдау көрсеткен болса, олар «Қаржыландыру және алғыстар» бөлімінде аталып өтуі керек, бұл ретте олардың атқарған рөлі мен көлемі нақты көрсетіледі.

Авторлардың аты-жөніне аффилиацияланған ұйымға сәйкес келетін үстеме индекстер (мысалы, ¹, ²) қойылады.

Қолжазба бойынша хат-хабар жүргізетін автордың индексінен кейін жұлдызша (*) қойылады.

Әрбір автордың ORCID идентификаторы белсенді жасыл белгіше түрінде берілуі тиіс және жеке ORCID профиліне апаратын сілтеме болуы қажет. Сілтемені енгізу үшін: ORCID белгісіне тінтуірдің оң жақ батырмасымен басып → «Гиперсілтемені өзгерту» тармағын таңдаңыз → «Адрес» өрісіне <https://orcid.org/XXXXXXXXXXXXXXXXXX> пішіміндегі сілтемені енгізіңіз.



3.2.4 Қолжазба атауы

Бір жолдан кейін қолжазба атауы жазылады. Атауы қысқа әрі қолжазбаның мазмұнына толық сәйкес келуі тиіс.

3.2.5 Аңдатпа

Бір жолдан кейін аңдатпа беріледі. Оның көлемі 150–250 сөзден аспауы керек. Аңдатпа келесі құрамдас бөліктерді қамтуы тиіс: өзектілік, мақсат, зерттеу әдістері, нәтижелер, теориялық және практикалық маңыздылығы, болашақ зерттеу бағыттары.

Аңдатпада қолжазбада алғаш рет енгізілген (кеңінен танымал болмаса) терминдер мен аббревиатураларды, сондай-ақ әдебиетке сілтемелерді, историография, әдіснама немесе зерттеу әдістері бойынша шолуларды қолдануға болмайды.

3.2.6 Түйін сөздер

Бір жолдан кейін түйінді сөздер немесе сөз тіркестері келтіріледі – 5-тен 8-ге дейін. Олар қолжазбаның іздеу жүйелерінде дұрыс индекстелуіне көмектеседі. Түйінді сөздер үтірмен бөлінуі қажет.

3.2.7 Мүдделер қақтығысы

Бір жолдан кейін «Мүдделер қақтығысы» бөлімі рәсімделеді. Егер мүдделер қақтығысы болмаса, автор(лар) келесі тұжырымды көрсетуі тиіс:

«Автор(лар) мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді».

3.2.8 Қаржыландыру және алғыс

Бір жолдан кейін «Қаржыландыру және алғыс» бөлімі рәсімделеді. Бұл бөлімде келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

– зерттеуді қаржыландырудың барлық көздері (гранттар, субсидиялар, қолдау бағдарламалары);

– қолжазбаны дайындауға көмек көрсеткен тұлғалар мен ұйымдар (мысалы, кеңес беру, үй-жаймен қамтамасыз ету, техникалық қолдау, жекелеген талдауларды орындау, материалдар мен жабдықтарды ұсыну).

3.2.9 Жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ескерту

Қажет болған жағдайда, бір жолдан кейін «Жасанды интеллект технологияларын қолдану туралы ескерту» бөлімі рәсімделеді. Егер қолжазбаны дайындау кезінде генеративті жасанды интеллект пайдаланылған болса, автор(лар) қолданылған құрал немесе қызмет атауын және оны қолдану мақсатын көрсетуі тиіс. Мынадай тұжырым қолданылады:

«Автор(лар) осы қолжазбаны дайындау барысында генеративті жасанды интеллект технологияларын ([ҚҰРАЛ/ҚЫЗМЕТ АТАУЫ]) [СЕБЕПТЕР] мақсатында пайдаланғанын мәлімдейді. Ұсынылған материалдың нақтылығы, толықтығы және ғылыми стандарттарға сәйкестігі үшін толық жауапкершілік авторларға жүктеледі».

3.2.10 Дәйексөз жасауға арналған ұсыныс

Титул бетінің соңында бір жолдан кейін «Дәйексөз үшін» бөлімі рәсімделеді. Бұл бөлімде басқа авторлар қолдана алатындай қолжазбаға дұрыс сілтеме келтірілуі керек. Дәйексөздің пішімі АРА стилінің (7-басылым) талаптарына сәйкес болуы тиіс (<https://apastyle.apa.org/>) және келесі элементтерді қамтуы қажет: барлық авторлардың тегі мен инициалдары, жарияланған жылы, қолжазба атауы, журнал атауы (курсивпен), том нөмірі (курсивпен), шығарылым нөмірі (бар болса, дөңгелек жақшада).

4 НЕГІЗГІ МӘТІНДІ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

4.1 Қолжазба құрылымы

Қолжазбаның негізгі мәтіні қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі титулдық беттерден кейін жаңа беттен басталады. Соңғы титулдық бет пен қолжазбаның негізгі мәтіні арасында бет үзілуі міндетті.

Редакция авторларға қолжазбаның құрылымын халықаралық ғылыми форматқа – IMRAD (Introduction, Methods, Results, Discussion – Кіріспе, Әдістер, Нәтижелер, Талқылау) – сәйкес жасауға кеңес береді.

Қолжазбаның тақырыбы мен зерттеу бағытына қарамастан, әрбір ғылыми қолжазбаның мынадай құрылымдық элементтері болуы міндетті. Бұл бөлімдер жаңа жолдан басталуы тиіс және ғылыми логикаға сәйкес орналасуы керек:

- Кіріспе;
- Әдебиеттерге шолу;
- Материалдар мен зерттеу әдістері;
- Нәтижелер және оларды талқылау;
- Қорытынды;
- Әдебиеттер тізімі.

КІРІСПЕ

Зерттеудің мақсаттарын анық көрсетіңіз, әдебиетті егжей-тегжейлі талдамай және нәтижелерді алдын ала ашпай, қажетті контекст беріңіз. Тақырып бойынша бар білім аясында зерттеудің ауқымы мен мақсаттарын көрсетіңіз. Мәтінді жалпыдан нақтыға қарай құрастырып, гипотеза, мақсат және міндеттерді айқындаңыз.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Зерттеу тақырыбын нақты анықтап, оны таңдаудың себептерін және негізгі үрдістер мен мәселелерді көрсетіңіз. Негізгі жарияланымдарға сыни талдау жасап, әдіснамалық кемшіліктер мен зерттеу олқылықтарын анықтаңыз және болашақ зерттеулерге бағыт ұсыныңыз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің әдістемесін, оның ішінде пайдаланылған материалдар мен процедураларды егжей-тегжейлі сипаттаңыз. Зерттеу базасын, дереккөздер мен іріктемені көрсетіңіз.

Егер авторлар ұйымдардың құпия деректерін пайдаланса, мұндай деректерді қолдануға жазбаша рұқсат болуы қажет.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу мақсаттарына сәйкес негізгі нәтижелерді қысқаша әрі нақты баяндаңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Негізгі тұжырымдарды, авторлық нәтижелерді, практикалық ұсыныстар мен ұсынымдарды ұсыныңыз.

Егер қолжазба дәстүрлі емес сипатта болса (мысалы, шолу, әдістемелік немесе теориялық-концептуалдық жұмыс), құрылым зерттеу ерекшеліктеріне сәйкес бейімделуі мүмкін. Бұл ретте қосымша бөлімдерді енгізуге автор(лар)дың қалауы бойынша рұқсат етіледі. Дегенмен жоғарыда аталған негізгі бөлімдердің болуы міндетті шарт болып қала береді.

4.2 Қолжазба мәтінін рәсімдеудің техникалық талаптары

Қолжазба көлемі (қолжазба атауы, авторлар туралы мәлімет, аннотация, түйінді сөздер және әдебиеттер тізімін есепке алмағанда) кемінде 4 000 сөзден және 8 000 сөзден аспауы тиіс.

Қолжазбаны құрылымға, пішімдеуге, тақырыптардың, кестелердің, суреттердің және әдебиеттер тізімінің ресімделуіне қойылатын талаптарға сәйкестендіру мақсатында берілген үлгі-шаблонды пайдалану қатаң түрде ұсынылады. Шаблонды қолдану техникалық қателіктерді азайтуға және редакция тарапынан қарау үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді.

4.2.1 Мәтін:

- форматы – Microsoft Word *.doc, *.docx;
- парақтың бағдарлануы – кітаптық (тігінен);
- өрістер: жоғарғы – 2 см, төменгі – 2 см, сол жақ – 2 см, оң жақ – 2 см;
- мәтіннің туралануы – ені бойынша;
- жоларалық аралық – бір интервал;
- абзац шегінісі – 1 см. Абзац жасау үшін бос орын немесе табуляция пайдалануға болмайды;
- мәтін мен тақырыптардың түсі – қара (black);
- тасымалдау – автоматты түрде;
- қаріп – Times New Roman;
- қаріп өлшемі – 12 пункт;
- бөлімдердің атаулары – БАС ӘРІППЕН, жартылай қалың қаріппен жазылады.

4.2.2 Суреттер:

Барлық графикалық нысандар "Сурет" ретінде белгіленуі тиіс.

Суреттер баспаға жарамды, жоғары сапада және түрлі-түсті де, ақ-қара нұсқада да бірдей ақпараттық болуы тиіс.

Суреттердегі жазбалар мен белгілер түсінікті болуы керек және қолжазба жазылған тілде берілуі тиіс. 11 пункт қаріп өлшемін қолдануға болады. Суреттер Word файлында топтастырылған (группированный) түрде ұсынылуы қажет.

Суреттер мәтіндегі алғашқы сілтеме жасалған жерге барынша жақын орналасуы керек.

Суреттер араб цифрларымен мәтіндегі ретіне қарай нөмірленеді. Егер мәтінде бір ғана сурет болса, онда ол нөмірленбейді.


Сурет атауы «Сурет 1. Сурет атауы» түрінде беріледі.

Түсініктеме (Примечание) келесі жолда беріледі: қаріп өлшемі – 10 пункт, курсивпен, сол жақ шетке тураланып, абзац шегініссіз. Онда сурет қай дереккөз негізінде жасалғаны көрсетілуі керек: автор(лар)мен әзірленген бе, әлде басқа дереккөзден алынған ба.

Скриншоттар, фотосуреттер, сызбалар және басқа да көрнекі материалдар анық, сапалы және визуалды тұрғыда қабылдауға ыңғайлы болуы тиіс. Анық емес, сапасыз немесе қиын көрінетін бейнелерді қолдануға жол берілмейді. Қажет болған жағдайда, суреттің мазмұнын бұзбай, оның анықтығын жақсарту үшін өңдеу жүргізілуі тиіс.

Мысалы:

Қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні
қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні.



Сурет 1. Сурет атауы

Ескертпе – автордың деректері негізінде құрастырылған (Сабиева, 2021)

Ескертпе – әдебиеттерге жасалған талдау негізінде автор әзірлеген (Сабиева, 2021; Mariani et al., 2022)

Ескертпе – Сабиева (2021) еңбегінен алынған

Ескертпе – автор(лар) тарапынан әзірленген

Ескертпе – Сабиева (2021) еңбегіндегі сызба негізінде автор бейімдеген

Қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні
қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні...

4.2.3 Кестелер:

Кестелер Microsoft Word бағдарламасында өңдеуге қолайлы кесте форматында жасалуы тиіс.

Кестелер мәтін бойынша берілу ретіне сәйкес араб цифрларымен нөмірленеді. Егер мәтінде бір ғана кесте болса, онда ол нөмірленбейді.

Кестенің тақырыбы оның реттік нөмірі мен атауынан тұрады. Кестенің ішіндегі мәтін 11 кегльмен жазылуы мүмкін.

Ақпарат көзіне сілтеме жасалған ескертпе кестенің соңғы тұтас жолында беріледі (10 кегль, курсив), онда кестенің қандай дереккөздерге негізделіп жасалғаны: автор(лар) өздері әзірлеген бе, әлде басқа дереккөзден алынған ба – нақты көрсетілуі тиіс.

Мысалы:

Қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні
қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні.

Кесте 1. Кесте атауы

	Баған 1	Баған 2	Баған 3
Жол 1	x	x	x
Жол 2	x	x	x
Жол 3	x	x	x

Ескертпе – автор деректері негізінде құрастырылған (Сабиева, 2021)

Ескертпе – әдебиетке жасалған талдау негізінде автор әзірлеген (Сабиева, 2021; Корнилов, 2020)

Ескертпе – Сабиева (2021) еңбегінен алынған

Ескертпе – автор(лар) әзірлеген

Ескертпе – Сабиева (2021) еңбегіндегі сызба негізінде автор бейімдеген

Қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні
қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні...

4.2.4. Формулалар:

Тек сандарды, латын әріптерін және математикалық таңбаларды қамтитын қарапайым формулалар мәтіннің бір бөлігі ретінде енгізілуі тиіс.

Күрделі формулалар Microsoft Equation немесе MathType формула редакторларында терілуі қажет.

Рәсімделген формулалар мәтіннен бір жолақ аралықпен бөлініп берілуі тиіс.

Формула элементтерінің түсіндірмесі бір аралықтан кейін, абзацсыз, бір жолмен жазылады.

Мысалы:

Қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні (1).

$$(x + a)^n = \sum_{k=0}^n \binom{n}{k} x^k a^{n-k} \quad (1)$$

мұндағы: x – элементтің түсіндірмесі;
a – элементтің түсіндірмесі;
n – элементтің түсіндірмесі;
k – элементтің түсіндірмесі.

Қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні қолжазба мәтіні.

Назар аударыңыз! Рәсімдеу талаптарына сай келмейтін, грамматикалық және орфографиялық қателері көп қолжазбалар редакция тарапынан қарастырылмай, авторларға кері қайтарылады.

4.2.5 Ішкімәтіндік сілтемелер

Ішкімәтіндік сілтемелер APA 7-нұсқасы стилі бойынша рәсімделеді (<https://apastyle.apa.org/>). Сілтеме мәтін ішінде жақшада берілсе, автордың тегі мен жарияланған жылы көрсетіледі. Егер автордың тегі мәтінге енгізілсе, оның артынан жылы дөңгелек жақшада көрсетіледі. Орыс және қазақ тілдеріндегі дереккөздерге сілтеме жасағанда авторлардың тектері түпнұсқа тілінде жазылады. Ағылшын тіліндегі дереккөздер үшін APA ережелері еш өзгеріссіз қолданылады.

Төмендегі кестеде түрлі дереккөз түрлеріне арналған APA стиліндегі ішкімәтіндік сілтемелердің рәсімдеу үлгілері берілген:

Дереккөз түрі	APA үлгісі	Ескерту
Бір автор	(Сабиева, 2021) Сабиева (2021) атап өтеді... (Sabitova, 2021) Sabitova (2021) states...	Автордың тегі мен жылы. Мәтін ішінде немесе жақшада беріледі.
Екі автор	(Сабиева и Нурпеисова, 2021) (Сабиева және Нурпеисова, 2021) Сабиева и Нурпеисова (2021) утверждают... Сабиева және Нурпеисова (2021) атап өтті... (Sabieva & Nurpeisova, 2021) Sabieva and Nurpeisova (2021) state...	Жақша ішінде авторлардың тектері арасында орыс тілінде «и», қазақ тілінде «және» қолданылады, ал ағылшын тілінде дереккөз жақша ішінде берілген жағдайда «&» белгісі, мәтіннің құрамында берілген жағдайда «and» сөзі қолданылады.
Үш автор және одан көп автор	(Иванов и др., 2021) (Ибраев және басқ., 2021)	Бірінші автордан кейін «и др.» (орысша), «және басқ.»

	Иванов и др. (2021) подчеркивают... Иванов және басқ. (2021) атап өтті... (Williams et al., 2020) Williams et al. (2020) show...	(қазақша), «et al.» (ағылшынша) көрсетіледі.
Бір автордың бір жылғы бірнеше еңбегі	(Сабиева, 2021a; Сабиева, 2021b) Сабиева (2021a) және Сабиева (2021b) атап өтті... (Smith, 2021a; Smith, 2021b) Smith (2021a) and Smith (2021b) discuss...	Жылдан кейін әріптер «а», «b»... алфавит ретімен қойылады.
Бір автордың әр жылдағы еңбектері	(Сабиева, 2019, 2021) Сабиева (2019, 2021) зерттеді... (Smith, 2018, 2020) Smith (2018, 2020) reports...	Жылдар үтірмен бөлініп, өсу ретімен жазылады.
Әртүрлі авторлардың еңбектері	(Сабиева, 2021; Нурпеисова, 2020) (Smith, 2019; Johnson, 2021)	Сілтемелер нүктелі үтірмен бөлінеді. Алфавит бойынша реттеледі.
Авторсыз электронды ресурс	(«ҚР Ұлттық қорын басқару туралы есеп», 2023) («ҚР Ұлттық қорын басқару туралы есеп», 2023) мәліметтеріне сәйкес... («Kazakhstan Innovation Report», 2022) («Kazakhstan Innovation Report», 2022) suggests...	Тақырып тырнақшада жазылады.
Ұйым автор ретінде	(ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2022) ҚР БҒМ (2022) мәлімдеді... (World Health Organization, 2021) WHO (2021) states...	Ұйым атауы толық беріледі. Көп мәрте қолданылса, қысқартуға рұқсат.
Есеп	(Дүниежүзілік банктың есебі, 2021) Дүниежүзілік банк (2021) көрсетеді... (World Bank Report, 2021) World Bank (2021) reports...	Ресми авторы болса, сол бірінші жазылады.

4.2.6 Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде кемінде 15 атау болуы тиіс, олардың ішінде кемінде 5 шетелдік дереккөздер болуы қажет.

Дереккөздердің 30%-дан астамы қолжазба ұсынылған күннен бұрын 5 жылдан артық мерзімде жарияланған болмауы тиіс.

Scopus және Web of Science базаларында соңғы 5 жылда жарияланған мақалаларды қолдану басымдық болып саналады.

Өзін-өзі дәйектеу деңгейі барлық дереккөздердің 20%-ынан аспауы тиіс.

Әдебиеттер тізімі бірінші автордың тегі бойынша алфавиттік ретпен рәсімделеді.

Алдымен ағылшын тіліндегі дереккөздер, содан кейін – басқа тілдердегі дереккөздер беріледі.

Бір автордың бірнеше еңбектері болған жағдайда, олар жариялану жылдарының өсу ретімен орналастырылады.

Әдебиеттер тізімінде журналдардың, кітаптардың, жинақтардың, диссертациялардың, есептердің, конференция материалдарының атаулары, сондай-ақ ғылыми журналдың том нөмірі курсивпен рәсімделеді.

Электрондық ресурстар үшін DOI немесе URL көрсету міндетті.

Ағылшын тіліндегі мақалада орысша және қазақша дереккөздер қолданылған жағдайда, BSI стандарты бойынша автордың тегі мен еңбектің атауының транслитерациясы міндетті түрде берілуі тиіс. Кириллицада жазылған әрбір элементтен кейін қос нүктелі сызықша (//) қойылады.

Транслитерация жасау үшін келесі ресурстарды пайдалануға болады:

орыс тілінен — <http://translit.net>;

қазақ тілінен — <https://qazlat.kz>.

Библиографиялық жазбаны рәсімдегенде, элементтер (авторлар, жыл, атауы, басылым көзі) арасында нүкте қойылады.

Дереккөз түрі	Рәсімдеу үлгісі
Ғылыми журналдағы мақала	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Abedin, B., Meske, C., & Junglas, I. (2022). Designing and managing human-AI interactions. <i>Information Systems Frontiers</i>, 24, 691-697.</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Сәбиева, А.М., Нүрпейісова, А.К. (2021). Кәсіпкерлік құрылымдардың инновациялық белсенділігі. <i>Экономика және бизнес</i>, 5(2), 34–50. https://doi.org/xxxx // Säbieva, A.M., Nürpeisova, A.K. (2021). Käsipkerlik құrylymdardyñ innovasialyq belsendiligi. <i>Ekonomika және biznes</i>, 5(2), 34–50. https://doi.org/xxxx</p>
Кітап	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Kotler, P., & Keller, K. L. (2021). <i>Marketing management</i> (15th ed.). Pearson Education. https://www.xxx</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Сәбиева, А.М. (2020). <i>Кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығы</i>. Алматы: Экономика. https://xxxx // Säbieva, A.M. (2020). <i>Käsiporyndardyñ qarjylyq тұraqtylyғы</i>. Алматы: Ekonomika. https://xxxx</p>
Есептер мен баяндамалар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: IMD World Competitiveness Center. (2024). <i>IMD World Digital Competitiveness Ranking 2024</i>. Institute for Management Development. https://www.xxx</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Дүниежүзілік банк. (2021). <i>2021 жылғы дүниежүзілік даму есебі: жақсы болашаққа арналған деректер</i>. https://xxxx // Düniejüzilik bank. (2021). <i>2021 jylғы düniejüzilik damu esebi: jaqsy bolaşaqqa arnalğan derekter</i>. https://xxxx</p>
Веб-беттер	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: United Nations. (2023). <i>Sustainable Development Goals</i>. https://xxx</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: ҚР Білім және ғылым министрлігі. (2022). <i>Білім беруді цифрландыру бағдарламасы</i>. https://xxxx // QR Bilim және ғылым ministrлігі. (2022). <i>Bilim berudi sifrlandyru baғdarlamasy</i>. https://xxxx</p>
Интернет-ресурстар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: International Energy Agency. (2024). <i>Global EV Outlook 2024</i>. https://www.xxx</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Қазақстандағы қоршаған ортаның жай-күйі жөніндегі ұлттық баяндама (2022). https://xxxx // Qazaqstandaғы qorşaған ortanyñ jai-küii jönindegi ұlttyq baiandama (2022). https://xxxx</p>
Мұрағат материалдары	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: The National Archives (UK). (1945). War Cabinet Memorandum on PostWar Reconstruction [CAB 66/63/46]. London, United Kingdom.</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. (1956). <i>Қазақстан Республикасында ғылыми-техникалық саясатты дамыту туралы қаулы</i> [Қ. 42, Т. 3, Іс. 159]. Алматы қ., Қазақстан. https://xxxx // Qazaqstan Respublikasyның Ortalyq memlekettik mұraqaty. (1956). <i>Qazaqstan Respublikasynda ғыlymi-</i></p>

	<p><i>tehnikalyq saiasatty damytu turaly qauly</i> [Q. 42, T. 3, Is. 159]. Almaty q., Qazaqstan. https://xxxx</p>
Күні мен атауы жоқ мұрағат	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: U.S. National Archives. (n.d.). <i>Memorandum from the National Security Advisor to the President on Strategic Arms Limitation Talks</i> [Record Group 59, Entry A1 5166, Box 2412, Folder 4]. Washington, DC, United States.</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Ресей Федерациясы Президентінің мұрағаты. (к.ж.). <i>Мұрағат құжаты</i> [Қ. 3, Т. 158, Іс. 116, Б. 116–120]. Мәскеу қ., Ресей. https://xxxx // Resei Federasiyası Prezidentiniñ mūrağaty. (k.j.). <i>Mūrağat qıjaty</i> [Q. 3, T. 158, Is. 116, B. 116–120]. Mäskeu q., Resei. https://xxxx</p>
Конференция материалдары	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Smith, J. A. (2022). Digital transformation in the construction industry: Barriers and solutions. <i>Proceedings of the 10th International Conference on Engineering and Technology Innovation</i> (pp. 45–52). Tokyo, Japan: IAOE Press.</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Иванов, А.В. (2019). Экономиканы цифрландыру: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер. «<i>Инновациялар және даму</i>» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, (б. 115–120). Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. https://doi.org/xxxx // İvanov, A. V. (2019). Ekonomikany sifrlandyru: syn-qaterler men mümkindikter. «<i>İnnovasiolar jäne damu</i>» halyqaralyq ğylymi-praktikalyq konferensiasynyñ materialdary, (b. 115–120). Almaty: äl-Farabi atyndağy QazÜU. https://doi.org/xxxx</p>
Диссертациялар мен авторефераттар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Anderson, L. R. (2017). Innovative construction materials and their environmental impact (Doctoral dissertation). Stanford University</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Нүрпейісова, А.К. (2023). <i>Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін басқару</i> [PhD докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссертация, Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті]. https://doi.org/xxxx // Nürpeisova, A.K. (2023). <i>Qazaqstan Respublikasyndağy önerkäsiptik käsiporyndardyñ innovasiyalyq belsendiligin basqaru</i> [PhD doktory дәрежесін алу үшін жазылған дисертация, Тұрар Рysқұlov атындағы Qazaq ekonomikalық universiteti]. https://doi.org/xxxx</p>
Заңдар мен нормативтік актілер	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: United States Congress. (2010). Patient Protection and Affordable Care Act, Pub. L. No. 111-148, 124 Stat. 119. https://www.xxx</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Қазақстан Республикасы. (2020). <i>Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік басқару туралы» заңы, 2020 жылғы 24 мамыр № 32-VI.</i> https://xxxx // Qazaqstan Respublikasy. (2020). <i>Qazaqstan Respublikasynyñ «Memlekettik basqaru turaly» zañy, 2020 jylğy 24 mamyr № 32-VI.</i> https://xxxx</p>
Стандарттар	<p>Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: International Organization for Standardization. (2015). ISO 9001:2015 – Quality management systems – Requirements. https://www.xxx</p> <p>Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті. (2019). <i>Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты СТ РК ISO 9001-2019 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» (СТ РК ISO 9001-</i></p>

	2019). https://xxxx // QazaqstanRespublikasy Sauda және интеграсия министрлігінің Техникалық retteu және metrologia komiteti. (2019). <i>Qazaqstan Respublikasynyñ ülttyq standarty ST RK ISO 9001-2019 «Sapa menejmenti jüieleri. Talaptar»</i> (ST RK ISO 9001-2019). https://xxxx
Ұжымдық монография	Латын әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Fisher, M. M., & Levene, M. (Eds.). (2021). <i>Smart cities: Critical debates on big data, urban development and social justice</i> . Routledge. Кирилл әліпбиімен жазылған дереккөз үлгісі: Оспанова, Ш.А. (2022). Цифрлық дәуірдегі адами капиталды дамыту. А.Б. Қалиева (Ред.), <i>Білім экономикасы: трендтер мен перспективалар</i> (б. 87–105). Астана: Экономика. https://doi.org/xxxx // Ospanova, Ş.A. (2022). Sifirlyq дәуірдегі адами kapitaldy damytu. A.B. Qalievа (Red.), <i>Bilim ekonomikasy: trendter men perspektivalar</i> (b. 87–105). Astana: Ekonomika. https://doi.org/xxxx

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі:

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Abedin, B., Meske, C., & Junglas, I. (2022). Designing and managing human-AI interactions. *Information Systems Frontiers*, 24, 691-697. <https://doi.org/10.1007/s10796-022-10313-1>
- Fisher, M. M., & Levene, M. (Eds.). (2021). *Smart cities: Critical debates on big data, urban development and social justice*. Routledge. <https://doi.org/xxx>
- IMD World Competitiveness Center. (2024). *IMD World Digital Competitiveness Ranking 2024*. Institute for Management Development. <https://www.xxx>
- Иванов, А.В. (2019). Экономиканы цифрландыру: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер. «Иновациялар және даму» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, (б. 115–120). Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. <https://doi.org/xxxx> // İvanov, A.V. (2019). Ekonomikany sifrandyru: syn-qaterler men mümkindikter. «İnnovasiyalar және damu» halyqaralyq ғылыми-praktikalyq konferensiasynyñ materialdary, (b. 115–120). Almaty: әl-Farabi atyndaғы QazŪŪ. <https://doi.org/xxxx>
- Қазақстан Республикасы. (2020). *Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік басқару туралы» заңы*, 2020 жылғы 24 мамыр № 32-VI. <https://xxxx> // Qazaqstan Respublikasy. (2020). *Qazaqstan Respublikasynyñ «Memlekettik basqaru turaly» zañy*, 2020 jylғы 24 мамыр № 32-VI. <https://xxxx>
- Нүрпейісова, А.К. (2023). *Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін басқару* [PhD докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссертация, Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті]. <https://doi.org/xxxx> // Nürpeisova, A.K. (2023). *Qazaqstan Respublikasyndaғы өnerkәsiptik kәsiporyndardyñ innovasiyalyq belsendiligin basqaru* [PhD doktory дәrejesin alu үшін jazylған disertasia, Tūrар Rysqūlov atyndaғы Qazaq ekonomikalыq universiteti]. <https://doi.org/xxxx>
- Оспанова, Ш.А. (2022). Цифрлық дәуірдегі адами капиталды дамыту. А.Б. Қалиева (Ред.), *Білім экономикасы: трендтер мен перспективалар* (б. 87–105). Астана: Экономика. <https://doi.org/xxxx> // Ospanova, Ş.A. (2022). Sifirlyq дәуірдегі адами kapitaldy damytu. A.B. Qalievа (Red.), *Bilim ekonomikasy: trendter men perspektivalar* (b. 87–105). Astana: Ekonomika. <https://doi.org/xxxx>
- Сәбиева, А.М., Нүрпейісова, А.К. (2021). Кәсіпкерлік құрылымдардың инновациялық белсенділігі. *Экономика және бизнес*, 5(2), 34–50. <https://doi.org/xxxx> // Säbieva, A.M., Nürpeisova, A.K. (2021). Kәsipkerlik құrylymdardyñ innovasiyalyq belsendiligi. *Ekonomika және biznes*, 5(2), 34–50. <https://doi.org/xxxx>

Ағылшын тіліндегі қолжазбаларда кирилл әліпбиіндегі дереккөздер пайдаланылған жағдайда, библиографиялық жазба алдымен транслитерация түрінде берілуі тиіс. Одан кейін төртбұрышты жақша ішінде мақалалардың, кітаптардың, монографиялардың, журналдардың, жинақтардың, мұрағаттық құжаттардың, диссертациялардың, заңдардың және өзге де дереккөздердің атауларының ағылшын тіліндегі аудармасы көрсетіледі. Аударма АРА стилінің курсивке қатысты талаптарына сәйкес рәсімделуі қажет. Библиографиялық жазбаның соңында дөңгелек жақша ішінде дереккөздің түпнұсқа тілі көрсетіледі, мысалы: (In Russian), (In Kazakh). Төртбұрышты жақшадағы аударма транслитерацияны алмастырмайды, керісінше оны толықтырады.

Мысалы:

Kasym, A.K. (2019). Ekonomikany sifrlandyru: qiyndyqtar men mümkindikter [Digitalization of the economy: Challenges and opportunities]. *Ekonomika және biznes [Economics and Business]*, 5(2), 34–50. <https://doi.org/xxx> (In Kazakh)

5 АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Әдебиеттер тізімінен кейін «Авторлар туралы мәліметтер» бөлімі рәсімделеді, ол үш тілде ұсынылуы тиіс: алдымен қолжазба қай тілде жазылса, сол тілде, кейін сол ретпен тағы екі тілде. Әрбір тілдік блок бірінен кейін бірі орналастырылады, бет үзілісі қолданылмайды.

Авторлар туралы мәліметтерге мыналар кіреді: толық аты-жөні (тиісті тілде), ғылыми дәрежесі немесе біліктілігі, ұйымның толық атауы, орналасқан қаласы мен елі көрсетіле отырып, сондай-ақ белсенді электрондық пошта мекенжайы және ORCID профиліне белсенді сілтеме. Электрондық пошта мекенжайлары мен ORCID сілтемелері міндетті түрде гиперсілтеме түрінде рәсімделуі қажет.

Авторлар туралы мәліметтерді рәсімдеу үлгісі қолжазба шаблоньнда келтірілген, оны барлық техникалық талаптарды сақтау мақсатында пайдалану ұсынылады.